**"Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру" кәсіби стандартын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 903 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8966 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған «Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жолдауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Жұмағалиев*

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
_____________ Т. Дүйсенова

2013 жылғы 26 қараша

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2013 жылғы 20 қарашадағы
№ 903 бұйрығымен
бекітілген

## «Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандарты

## 1. Жалпы бөлім

1. «Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) «Қалалық және қала маңындағы жер үсті жолаушылар көлігі» кәсіптік қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеуге;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде қызметкерлердің құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі параметрлері бойынша жіктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралдары – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауга қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

11) лауазым – қызметтік өкілеттіктер және қызметтік міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ)– салада танылатын

біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ)– еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – бір немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын қызметкердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## 2. КС паспорты

5. КС паспорты мынаны анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі - 03-2007 ҚР МС) «49.31 Қалалық және қала маңындағы жер үсті жолаушылар көлігі»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты:

автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің)түрлері.

## 3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

### 1-параграф «Жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчерлік қызметінің операторы»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 3;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышы базалық тобы бойынша (бұдан әрі – ҚР МС 01-2005): 4131 «Тауарларды кабылдау және тапсыру, есепке алумен шұғылданатын жұмысшылар»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчерлік қызметінің операторы, автовокзал диспетчерлік қызметінің операторы, такси диспетчерлік қызметінің операторы, тасымалдау диспетчерлік қызметінің операторы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектімен автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде автокөлік құралдарын диспетчерлік басқару процесін жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің

ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчерлік қызметінің операторының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

## 2-параграф «Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчері»

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, СБШ бойынша – 4;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышы базалық тобы бойынша (бұдан әрі – ҚР МС 01-2005): 4131 «Диспетчерлер (авиациалықтан басқа)»

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: автобус паркінің орталық диспетчер қызметінің диспетчері, автовокзал диспетчері, жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектімен автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде автокөлік құралдарын диспетчерлік басқару процесін ұйымдастыру мен бақылауды жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчерінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 2-кестесінде келтірілген.

## 4. КС бірліктерінің тізбесі

8. КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасының 1, 2-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

## 5. КС бірліктерінің сипаттамасы

9. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4–қосымшасының 1, 2-кестелерінде келтірілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

10. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

11. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері сертификат алу

үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында көзделген КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес анықталады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркелуі

12. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

13. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.

«Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру»
кәсіби стандартына
1-қосымша

## Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

| р/с № | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының процестерін ескерумен кәсіптің атауы | ҚР 01-2005 МС сәйкес кәсіп атауы | СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынш разряды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жолаушыларды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде автокөлік құралдарын диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру | Жолаушылар автомобиль тасымалдары диспетчерлік қызметінің операторы | Автомобиль көлігіндегі (теңіз, өзен) диспетчерлік қозғалыстың және тиеп-түсіру жұмыстарының операторы | 3 | - |
| 2 | Жолаушыларды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде автокөлік құралдарын диспетчерлік басқару процесін бақылауды ұйымдастыру | Жолаушылар автомобиль тасымалдары операторы | Автомобиль көлігі диспетчері | 4 | - |

Ескертпе: БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

«Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру»
кәсіби стандартына
2-қосымша
1-кесте

## 1. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчерлік қызметі операторының еңбек жағдайларына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (ұйымдар) | Жолаушыларды тасымалдаумен айналыса автокөлік ұйымдарының диспетчерлік қызме |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
|---|---|---|
| 3 | Ортақ орта білімі, кәсіби даярлығы ( кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беруді ұйымдастыру базаларының курстары бір жылға дейін немесе ұйымда оқыту) және практикалық жұмыс тәжірибесі | СБШ 3-деңгейі бойынша 6 мамандығы бойынша жұм тәжірибесі кем дегенде 6 ай) |
| | Тиісті мамандығы бойынша техникалық білімі (орта арнайы немесе орта кәсіби) | Жұмыс тәжірибесіз |

2-кесте

## 2. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчерінің еңбек жағдайларына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|---|
| Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (ұйымдар) | Жолаушыларды тасымалдаумен айналыс автокөлік ұйымдарының диспетчер қызметтері |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы | - |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - |

| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжіриб |
|---|---|---|
| 4 | Тиісті мамандығы бойынша техникалық білімі (орта арнайы немесе орта кәсіптік) және практикалық жұмыс тәжірибесі | СБШ 3 деңгейінде 3 жыл |

«Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандартына
3-қосымша

## КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

## 1. «Жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчерлік қызметінің операторы» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

| Шифрі | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|---|---|
| Ф 1 | Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау жоспарын орындауды қамтамасыз ету |
| Ф 2 | Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру барысындағы автокөлік құралдары жұмысын үйлестіру |
| Ф 3 | Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау процесі барысын жедел есепке алу |

2-кесте

## 2. «Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчері» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

| Шифрі | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|---|---|
| Ф 1 | Жолаушылар автокөлік құралдары жүргізушілерінің жұмысын ұйымдастыру |
| Ф 2 | Жолаушылар автокөлік құралдары жүргізушілерінің жұмысын бақылау |

Ескертпе: Ф – функция.

«Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандартына
4-қосымша

## КС бірліктерінің сипатты

1-кесте

## 1. «Жолаушылар автомобиль тасымалы диспетчерлік қызметінің операторы» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифрі | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер | Шеберлігі және дағдылары | Білім |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тікелей басшының бұйрықтары мен нұсқаулары | Жол құжаттамасы, есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары | М 1-1 Жолаушылар автомобиль тасымалдары диспетчерінің өкімдерін орындау | Коммуникация және байланыс құралдарымен, есептеу техникасымен жұмыс дағдылары | Қолданыстағы техникалық құралдарды пайдалануды, ақпаратты өңдеу жіберуді, еңбе қорғау нормалар қауіпсіздік техни |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | өндірістік санит және өртке қа қорғанысты білу |
| Жол парақтары | Жол парақтары | М 1-2 Жол парақтарын толтыру, беру және қабылдау және жол парақтарының дұрыс рәсімделуін тексеру | Жол парақтарын рәсімдеу және толтыру дұрыстығын қадағалау дағдылары | Жол құжаттама рәсімдеу, қабыл және өңдеу тәр білу |
| Автокөлік құралдарының жолға шығу кестесі, қозғалыс кестесі және таксомоторларға тапсырыс беруін орындау | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары | М 1-3 Жолға шығу кестесін сақтауды бақылау және автокөлік құралдарының маршруттарға шығу қозғалысын, таксомоторларына тапсырыс беруін орындау | Тасымалдау кестесінің орындалуын және тасымалға уақытында тапсырыс беруді орындауын бақылауды жүзеге асыру бойынша практикалық дағдылар | Ішкі еңбек тәрт және диспетчер қозғалыс қызме қатысты құжатт білу |
| Жол құжаттамасы, тіркеу журналы немесе электрондық дерекқор | Жол құжаттамасы, тіркеу журналы немесе электрондық дерекқор | М 1-4 Тіркеу журналына жол құжаттамасын тіркеуді жүзеге асыру немесе дерекқорды құру | Есеп құжаттамасын немесе деректер банкісін жүргізу дағдылары | Жол құжаттама тіркеу журналы немесе дерек банкісінде тір тәртібін білу |
| Спидометр көрсеткіштерінің, жанар-жағар май материалдарын алу, жанар-жағар май материалдары қалдықтарының жазбалары | Спидометр көрсеткіштерінің, жанар-жағар май материалдарын алу, жанар-жағар май материалдары қалдықтарының жазбалары | М 1-5 Спидометр көрсеткіштерінің, жанар-жағар май материалдарын алу және жанар-жағар май материалдары қалдықтары жазбаларының дұрыстығын тексеру | Спидометр көрсеткіші жазбаларының, жанар-жағар май материалдарын қабылдау және қалдығы туралы жазбалардың дұрыстығын бақылауды жүзеге асырудағы практикалық дағдылары | Автокөлік құралд пайдалану жә спидометр көрсе жазбаларын белгіленген жүр тәртібін, жанар-ж май материалдар қалдықтары тур жазбаларды білу |
| | | М 1-6 Жол парақтарында жүргізушілердің « Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету | Жол парақтарында жүргізушілердің « Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол | Жол парақтар толтыру тәртібін «Қазақстан Республикасы Ж қозғалысының ережелерін, Кө құралдарын пайдалануға жі жөніндегі негі ережелер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ф1 | Жол парақтары | Жол парақтары | бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген жол қозғалысы ережелерінің жіберген бұзушылықтары туралы жазбаларды анықтау | қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген жол қозғалысы ережелерінің жіберген бұзушылықтары туралы жазбаларды анықтау бойынша дағдылары | қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз е бойынша лауазы адамдар мен қозғалысына қатысушыларды міндеттерін жә Арнайы түстік-графикалы схемалар бойы арнайы түстік ж дыбыстық белгіле жабдықталуға ж боялуға жататын және арнай қызметтердің, көл тізбесін бекіту ту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж 25 қарашадағы № қаулысымен бекіт жол қозғалыс ережелерін білу |
| | Автокөлік құралдарының жұмысы туралы алынған деректер | | М 1-7 Кезектік-тәуліктік тапсырмалармен автокөлік құралдарының жұмысы туралы алынған деректер салыстыру, ауытқуларды және олардың шығу себебін анықтау | Кезектік-тәуліктік тапсырмалармен автокөлік құралдарының жұмысы туралы алынған деректерді салыстыру, ауытқуды анықтау дағдылары | Тасымалдауды ұйымдастыру тә және тасымал процесін жед басқару тура ережелерді білу |
| | | | | | Автокөлік құралдарының жұмысын есепке тәртібін, ішкі е тәртібін, «Қазақ Республикасы қозғалысының ережелерін, Кө құралдарын пайдалануға жіб жөніндегі негі ережелер мен қозғалысының қауіпсіздігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүргізушілердің жол-көліктік тәртібі, автокөлік құралдарының жұмыс есебі | Кезектік-тәуліктік тапсырма, жол құжаттамасы, есептеу техникасы, техника, коммуникация және байланыс құралдары | М 1-8 Автокөлік құралдары жүргізушілерінің жол-көлік тәртібін сақтауын бақылау және автокөлік құралдарының жұмысын есепке алуын жүргізу | Автокөлік құралдарының жұмысын есепке алу және өндірістік тәртіпті бақылау дағдылар | қамтамасыз е бойынша лауазы адамдар мен қозғалысына қатысушыларды міндеттерін жә Арнайы түстік-графикалы схемалар бойын арнайы түстік ж дыбыстық белгіле жабдықталуға ж боялуға жататын және арнай қызметтердің, көл тізбесін бекіту ту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж 25 карашадағы № қаулысымен бекіт жол қозғалыс ережелерін, Автомобиль көлі жолаушылар м багажды тасыма қағидасын бек туралы» Қазақс Республикасы Үкіметінің 2011 ж 2 шілдедегі № қаулысымен бекіт автомобиль көлі жолаушылар м багажды тасыма қағидасын білу |
| | Клиентурамен, автовокзалдармен, автостанциялармен және кассалармен жедел байланыс | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары | М 2-1 Клиентурамен, автовокзалдармен, автостанциялармен және кассалармен жедел байланысты жүзеге асыру | Клиенттер мен автокөлік құралдарының | Клиентурамен, автовокзалдарме автостанцияларм және кассаларм байланысты жү асыру тәртібі әдістерін білу |
| | Жолаушыларды автомобиль көлігімен | | М 2-2 Жолаушылар автокөлік құралдарының толуы, нақты аралық пункттерді жүріп өту уақыты, маршруттың соңғы пунктіне келуі, техникалық ақаулық себебі бойынша жолда тұрып қалуы, маршруттардағы | | Маршруттағы автокөлік құралдарының ж барысы турал деректерді алу қабылдау тәртібі әдістерін, тасыма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ф2 | тасымалдау процессі туралы жедел ақпарат | | кешігулер, жолаушылар автокөлік құралдарының уақытында келмеуі туралы ақпаратты жіберу | жүргізушілеріне коммуникация және байланыс құралдары көмегімен жедел ақпаратты алу және жеткізу дағдылары | арақашықтығын қозғалыс кестесін тоқтау пункттер орналасуын білу |
| | Маршруттағы жұмыс жағдайлары туралы жедел ақпарат | | М 2-3 Жүргізушілерге маршруттағы тасымалдаудың ерекшеліктері мен талаптары туралы хабарламаны, жолдардың жағдайын , жеке учаскелерде қозғалыс ерекшеліктерін, сондай-ақ метеоқызметтің дерегін және ауа райы туралы хабарлау | | Маршруттағы автокөлік құралдарының жүргізушілеріне өндірістік жағ туралы деректе қабылдау мен тәртібі мен әдіс білу |
| Ф3 | Автокөлік құралдарының жолдағы қозғалысы туралы жедел ақпарат | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары | М 3-1 Жолдағы автокөлік құралдарының қозғалысын, тасымал сапасын және жолаушыларға қызмет көрсетуін бақылауды жүзеге асыру | Тасымалдау процесі барысын бақылауды жүзеге асырудың практикалық дағдылары | «Автомобиль көл жолаушылар м багажды тасыма қағидасын бек туралы» Қазақс Республикасы Үкіметінің 2011 ж 2 шілдедегі № қаулысымен бекі автомобиль көлі жолаушылар м багажды тасыма қағидасын, Автомобиль кө туралы» 2003 жы шілдедегі Қазақ Рреспубликасы Заңының негі ережелерін, эконо негіздерін, еңбек басқаруды ұйымдастыруды Қазақстан Рреспубликасын еңбек заңнамала білу |
| | Тасымалдау процесінің барысын есепке алу | Жол құжаттамасы, тіркеу журналы немесе электрондық дерекқор, есептеу техникасы, коммуникация және | М 3-2 Тасымалдау процессінің барысын жедел есепке алу | Тасымалдау процесі барысын есепке алуды жүргізу дағдылары | Тасымалдауды ұйымдастыру ж |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байланыс құралдары | | | тасымалдау про жедел басқару т туралы ережелерд |
| | Жылдам өкімдер журналы | Жылдам өкімдер журналы | М 3-3 Жылдам өкімдер журналын жүргізу | Жедел үкімдердің журналын жүргізу дағдылары | Жедел үкімдер журналын жүргі белгіленген тәрт білу |

2–кесте

## 2. «Жолаушылар автомобиль тасымалының диспетчері» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек заттары | Еңбек құралы | Міндеттер | Шеберлігі және дағдылары | Білімі |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жолаушылар автомобиль тасымалдарының диспетчерлік қызметі операторларының жұмысы | Коммуникация және байланыс құралдары | М 1-1 Жолаушылар автомобиль тасымалдарының диспетчерлік қызметі операторларының жұмысын басқару | Бағынышты қызметкерлерге міндеттерді қою, қызмет нәтижесін бағалау, білім мен дағдыларды анықтау дағдылары | Автомобиль кө қозғалысын ж басқаруды ұйымдастыру мәселелері бо нормативтік-құ актілерді,ең қорғау нормал қауіпсіздік техникасын, өн санитария және қарсы қорған білу |
| | Тасымалдардың келісілген жылдам басқарылуы | | М 1-2 Тасымалдардың келісілген жылдам басқаруын қамтамасыз ету үшін клиентурамен, автовокзалдармен, автостанциялармен және кассалармен тұрақты байланысын қамтамасыз ету | Клиентурамен, автовокзалдармен, автостанциялармен және кассалармен байланысты жүзеге асыру үшін бағынышты қызметкерлерге міндеттерді қоюды нақтылау дағдылары | Тасымалдардь келісілген жь басқаруын қамт ету үшін к процесінің қатысушылары жедел байлан ұйымдастыру әдістерін білу |
| | Тасымалдауға тапсырыс беру және тапсырмалар | Тасымалдауға тапсырыс беру және тапсырмаларын тіркеу журналы | М 1-3 Тасымалдауға тапсырыс беруді және тапсырмаларды тіркеу | Белгіленген тәртіпте түсіп жатқан тапсырысты және тапсырмаларды уақытында есепке алуды қадағалау дағдылары | Ішкі еңбек тә ұйымда белгіле жүргізу тәртібі |
| | | | М 1-4 Автокөлік құралдары жүргізушілеріне | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Автокөлік құралдары жүргізушілеріне нұсқаулық жүргізу | Коммуникация және байланыс құралдары | маршруттағы тасымалдаулардың ерекшеліктері мен талаптары, жолдардың жағдайлары, нақты метеорологиялық жағдайдағы жеке учаскелерде қозғалыс ерекшеліктері туралы нұсқаулық жүргізу | Өндірістік нұсқаулықтарды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша дағдылары | Жолдың сызб және олард жағдайын, маршруттарды жол шарттар сипатын, марш желіні жә тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз е қозғалыс жағда білу |
| Ф1 | Автокөлік құралдарының нормативтен тыс тұруы | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары, техниканың нормативтен тыс тұрып қалуын жою әдістемесі | М 1-5 Автокөлік құралдарының нормативтен тыс тұруын жою шараларын қолдану | Жолаушылар автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының нормативтен тыс тұрып қалуын жою шараларын қолдану және іске асыру дағдылары | Автокөлік құралдарын нормативтен тұрып қалуын әдістері мен тә , автокөл құралдарын пайдалануын, автокөлік құра жүргізушілері жұмыс уақыт демалу уақы туралы ереж экономика, өнд еңбекті ж басқаруды ұйымдастыру негіздерін, Қаз Республикасы еңбек тура заңнамасы нег білу |
| | Техникалық-экономикалық көрсеткіштердің есебі | Жол парақтары, есептеу техникасы, техникалық-пайдалану көрсеткіштерін есептеудің бекітілген әдістемесі | М 1-6 Жол парақтарында тиісті техникалық-пайдалану көрсеткіштерін есептеуді орындау | Жол парақтардағы техникалық пайдалану есептеуін орындау және тексеру дағдылары | Жол парағын р мен өңдеу тә техникалық па көрсеткіштері есебін білу |
| | | | М 1-7 Маршруттағы қозғалысқа техникалық және басқа да себептерге байланысты уақытынан бұрын кеткендер орнына резервті автокөлік құралдарын қосу, | Резервтегі автокөлік құралдарын маршрут бойынша қозғалысқа қосу және автокөлік құралдарын | Ұйым ме бөлімшелердің қуаттылығын қозғалыс кес және аялд пункттерінің о орнын, жолда сызбаларын олардың құ кәсіпорын м жайларын ж олардың қы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жолдағы автокөлік құралдарының жұмысын жылдам басқару | Коммуникация және байланыс құралдары | автокөлік құралдарын жолдарды жөндеуге байланысты маршруттан маршрутқа, басқа жүру жолына жедел ауыстыру бойынша шаралар қабылдау | маршруттан маршрутқа жедел ауыстыру шараларын қабылдау және оны іске асыру дағдылары | көрсету ауданы жұмыс режи тасымалдау арақашықтығы жол шарттар сипатын, марш желіні жә тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз е қозғалыс шарт білу |
| | Жолдағы бұзылған автокөлік құралдарына техникалық көмек көрсету | | М 1-8 Жолдағы бқзылған автокөлік құралдарына уақытында техникалық көмек көрсетуді ұйымдастыру | Ұйымның жөндеу қызметтеріне жылдам хабарлау дағдылары | Қозғалыс кес және аялда пункттері орна орнын, ж сызбаларын, маршруттық ж еңбекті қор нормаларын, қауіпсіздік техникасын, өн санитария және қарсы қорған білу |
| | Автокөлік құралдарының жүргізушілерімен тасымалдау жоспарын, ауысымдық тапсырманы орындау | Тасымалдау жоспарын , автокөлік құралдары жүргізушілерінің ауысымдық тапсырмаларын орындаудағы үлгілік шаралар, шараларды қолдану жөніндегі үкімдер мен нұсқаулар | М 2-1 Автокөлік құралдары жүргізушілерінің тасымалдау жоспарын және ауысымдық тапсырманы орындауы бойынша шаралар қолдану | Автокөлік құралдары жүргізушілерінің тасымалдау жоспарын және ауысымдық тапсырманы орындау шараларын іске асыру дағдылары | Экономика нег еңбекті және өн ұйымдастыруд экономиканы өндірісті ұйымдастыруд өндірістік жоспарлауды, е және басқар Қазақстан Республикасы еңбек тура заңнамасын біл |
| | Автокөлік құралдарының жұмысын бақылау, есеп және талдау | Есептеу техникасы, коммуникациясы және байланыс құралдары | М 2-2 Автокөлік құралдарын жедел есепке алу, қадағалау және талдау жұмыстарын жүзеге асыру | Автокөлік құралдарын жылдам есепке алу , бақылау және қорытындыларын талдау жұмысын жүзеге асыру дағдылары | |
| | Автокөлік құраллдарының жүргізушілерінің кезектік тапсырмалары мен тасымалдау жоспарын орындауы | Тасымалдау жоспарын орындаудағы, автокөлік құраллдарының жүргізушілерінің кезектік | М 2-3 Автокөлік құралдарының жүргізушілерінің тасымалдау жоспары және кезектік | Автокөлік құралдары жүргізушілерінің тасымалдау жоспарын және ауысымдық тапсырмаларын орындағанын тексеруді ұйымдастыру мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларының есеп беру құжаттамасы. | тапсырмасын орындалуын қадағалау | жүзеге асыру дағдылары | |
| Ф2 | Жол құжаттамасын толтыруды, беруді және қабылдауды ұйымдастыру | Жолаушылар автомобиль тасымалдарының диспетчерлік қызметі операторларына нұсқаулар мен үкімдер | М 2-4 Жүргізушілердің орындаған жұмысын көрсететін жол парақтарын және басқа да құжаттарды толтыруды, беруді және қабылдауды ұйымдастыру | Белгіленген тәртіпте жүргізушілердің орындаған жұмысын көрсететін жол парақтарын және басқа да құжаттарды дұрыс толтыруды, беруді және қабылдауды ұйымдастыру дағдылары | Жол парақта ресімдеу, тап қабылдау және тәртібін, орын тасымалдар бо ауысымдық тапсырмалард өзге де құжат автомобиль көл жолаушылард багажды тасым ережелерін білу |
| | Автокөлік құралдары жүргізушілерінің ауысымдық тапсырмаларының сапалы орындалуы | Жолдағы жолаушылар тасымалы кезіндегі автокөлік құралдары жұмысының сапасы бойынша деректер | М 2-5 Автокөлік құралдары жүргізушілерінің ауысымдық тапсырмаларын сапалы орындауына талдау жүргізу | Автокөлік құралдары жүргізушілерінің ауысымдық тапсырмаларды орындау сапасын талдау дағдылары | |
| | Орындалған тасымалдар бойынша құжаттар | Орындалған тасымалдар бойынша жол құжаттамасы, жол құжаттамасын толтырудың белгіленген нысандары | М 2-6 Орындалған тасымалдар бойынша құжаттардың дұрыс рәсімделуін тексеру | Орындалған тасымалдар бойынша құжаттардың дұрыс ресімделгенін тексеру дағдылары | |
| | Жолаушылар тасымалы бойынша көліктік процесті бақылау және есепке алу | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары, қолданылған шаралар туралы нұсқаулар және мен үкімдер | М 2-7 Орындалған жолаушылар тасымалын бақылау мен есепке алды қамтамасыз ету, көліктік процестегі істен шығуды жедел жою бойынша шаралар қабылдау | Орындалған жолаушылар тасымалын есепке алу және көліктік процестегі істен шығуды жедел жою бойынша шаралар қабылдау дағдылары | Жолаушы тасы есепке алу әд мен тәсілдерін көліктік проц бұзылуын жою, |
| | Ауысымдағы жұмыстар және оқиғалар туралы жедел жиынтықтар мен рапорттар | Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары, жедел жиынтықтар мен рапорттардың белгіленген нысандары | М 2-8 Ауысымдағы жұмыстар және оқиғалар туралы жедел жиынтықтар мен рапорттарды жасау | Ауысымдағы жұмыстар және оқиғалар туралы жедел жиынтықтар мен рапорттарды толтыру дағдылары | Ауысымдағы жұмыстар ж оқиғалар ту жедел жиынт мен рапортт белгіленген ме жеткізу және р тәртібін білу |
| | | | | Диспетчерлік журналды және | Диспетчерлік журналды ж |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кезекшілік журналы мен кітабын жүргізу | Кезекшілік журналы мен кітабы | М 2-9 Кезекшілік журналы мен кітабын жүргізу | кезекшілік кітабын жүргізу дағдылары | кезекшілік кіт жүргізу тәртібі |

Ескертпе: М – міндет.

«Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру» кәсіби стандартына 5-қосымша

## Келісу парағы

| Ұйым атауы | Келісу күні |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | |

Осы КС ______________________________________________ тіркелді.
Кәсіптік стандарттардың реестріне № ____________________ тіркелді.
Хат (хаттама) № __________ Күні ____________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК